



Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

АҚ "Алматинские электрические станции", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ тұлғасында, бірінші тараптан және бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

1.2. Орындалатын жұмыс атауы: Тұрмыстық электр аспаптары мен олардың бөлшектерін жөндеу бойынша жұмыстар.

1.3. № 1 қосымша (сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесі); № 2 қосымша (техникалық ерекшелік); № 3 қосымша (қызмет көрсетуге/жұмыстарды орындауға арналған шарттағы ел ішіндегі құнның болжамы/нақты есебі); № 4 қосымша (жұмыстар жүргізу кестесі); қосымша № 5 (Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы «АлЭС» АҚ талаптары жұмыстарды) Өнім берушіге; № 6 қосымша ("АлЭС" АҚ-ның құпия ақпаратын жарияламау туралы міндеттеме); № 7 қосымша (жұмыстарды орындау кезінде болжамды/нақты сатып алынған тауарлар/материалдар/жабдықтар туралы ақпарат); № 8 қосымша (контрагент сауалнамасының нысаны), № 9 қосымша (Жұмыстарды орындаушыға қоршаған ортаны қорғау саласындағы «АлЭС» АҚ талаптары), бар болған жағдайда, сондай-ақ шартты орындау процесінде екі тарап қол қоятын өзге де құжаттар (дайындық жұмыстарының кестесі, жұмыстарды орындаудың желілік кестесі) Шарттың ажырамас бөліктері болып табылады.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

2.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

2.4. Аванстық төлемді (алдын ала төлемді) төлеу туралы шарт болған кезде аванстық төлем (алдын ала төлем) мердігер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем), тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды. Ұзақ мерзімді шарт бойынша авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тиісті жылға аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін болуға тиіс. Келесі қаржы жылына тендер жеңімпазы алдыңғы қаржы жылы аяқталған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынады.



2.5. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Мердігер авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.5.1. Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванс төлемі (алдын ала төлем) келесі құжаттың (тардың) негізінде _____ мерзімге төленеді:

2.5.1.1. Төлем шоты;

2.6. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

2.6.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу





(Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады;

2.6.2. Шот-фактуралар;

2.6.3. Жүйеде ресімделген Орындалған жұмыстың электрондық актісі;

2.7. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (лерін) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.8. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

2.9. Нақты орындалған Жұмыстар үшін төлем бұдан бұрын төленген алдын ала төлемді есепке алумен орындалады.

2.10. Шот-фактура Тапсырыс берушіге жұмысты орындаудың ағымдағы айының соңғы күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

3. Жұмыстарды орындау мерзімі және шарттары

3.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері, көлемі және орны осы Шарттың № 1, № 2-қосымшаларында белгіленеді.

3.2. Тапсырыс беруші Жұмыстарды Шарттың № 1, № 2-қосымшаларына сәйкес орындалған Жұмыстардың актісіне сәйкес көлем және сапа бойынша қабылдайды. Жұмыстарды орындау күні Тапсырыс берушінің соңғы орындалған Жұмыстар актісіне қол қойған күн болып табылады.

3.3. Жұмысты орындау барысында төменде көрсетілген жайларға байланысты жұмысты уақытша тоқтату қажеттігі анықталған кезде, Жұмысты жүргізу кестесі түзетілуі мүмкін:

3.3.1. Тапсырыс беруші жұмысты орындау үшін қосымша мерзімді талап ететін, бірақ Мердігерді таңдау үшін негіз болған талаптарды өзгертпейтін техникалық шешімдердің өзгерістерін ұсынған жағдайда;

3.3.2. Жұмысты орындау барысында қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайда (Шарт бағасын арттырмай);

3.3.3. Шарт бойынша Тараптардың еркінен тыс не Тапсырыс берушінің қаржылық жағдайына байланысты өзге де себептерге байланысты.

3.4. Осы Шарт бойынша Тараптар Шарттың 3.3 тармағында санамаланған жағдайларда жұмысты уақытша тоқтату туралы шешім қабылдауы тиіс.

3.5. Тараптардың өзара, үшінші тұлғалармен де, хат алмасуы, мемлекеттік органдардың (қызметтердің) нұсқамалары және т.б. Жұмысты орындауға мүмкіндік бермейтін жағдайдың туындауын растайтын құжаттар болып табылады.

3.6. Жұмысты уақытша тоқтатуды Тараптар жұмысты орындауға мүмкіндік бермейтін жағдай туындаған сәттен бастап актіленеді. Жұмысты уақытша тоқтату туралы Акт, негіздеуші құжаттарға сүйене отырып, жұмысты орындауға мүмкіндік бермейтін себептер туындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші белгілеген түрде 2 (екі) данада ресімделеді, оған Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілетті өкілдері қол қояды.



3.7. Жұмысты орындауға кедергі болған жағдайлар тоқтатылған кезде, Тараптар жұмысты қайта бастау туралы акт жасайды, Тапсырыс беруші мен Мердігердің өкілетті өкілдері қол қояды. Жұмысты қайта бастау туралы актілер, жұмысты орындауға кедергі келтірген жағдайлар тоқтатылған сәттен бастап, 5 (бес) жұмыс күні ішінде 2 (екі) данада ресімделеді. Жұмысты уақытша тоқтату туралы актіні, сондай-ақ жұмысты қайта бастау туралы актіні Тапсырыс беруші бекітуге тиіс.

3.8. Жұмысты тоқтату және оны кейін қайта бастау фактілері (оның ішінде, жұмыстың аяқталу күнінің өзгеруі және сәйкесінше жұмысты жүргізу кестесінің өзгеруі) Шартқа сәйкес қосымша келісіммен ресімделуі тиіс.

3.9. Жұмысты тоқтата тұру фактілері күнтізбелік 1 (бір) ай ішінде туындаған және сол айда жұмыс қайта басталмаған жағдайда, жұмысты тоқтата тұруға қосымша келісім ресімделеді. Жұмысты орындауға және оны қайта бастауға кедергі келтірген жағдайлар тоқтатылған кезде, жұмысты қайта бастау туралы қосымша келісім ресімделеді.

3.10. Форс-мажорлық жағдайлар орын алса не Тапсырыс беруші ұсынған ауытқулар жұмысты орындау үшін қосымша мерзімді талап етсе, сондай-ақ жұмысты орындау барысында қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші жұмысты орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте Мердігер, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген рәсімге сәйкес, Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге тиіс.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері





4.1. Мердігер міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстар актісімен бірге электрондық құжат нысанындағы Шарт аясында орындалған Жұмыстардың барлық көлеміне елшілік құндылық есебін ұсынуға (Веб-порталда ұсынылады);

4.1.3. Тапсырыс берушіге қабылдау-тапсыру актісін ресімдей отырып, жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында пайда болған металл қалдықтарын, оның ішінде қара және түсті металдарды қайтару.

4.1.4. Орындалған Жұмысты шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша Орындалған жұмыстардың актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге;

4.1.5. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

4.1.6. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен Жұмыстарды орындауға;

4.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.8. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

4.1.9. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.10. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.11. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қолжеткізуді қамтамасыз етуге;

4.1.12. Осы Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлерге Шарттың барлық әрекет ету мерзімінде еңбек жалақысы бекітуге және осы міндеттерді орындауды растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлері аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай зейнетақы қорынан үзінді көшірмені _____ мерзімнен кешіктірмей тоқсан сайынғы негізде ұсынуға (Тәртіпке № 5 қосымшаның 35-тармағына сәйкес тендерлік құжаттамада әлеуетті өнім берушінің жұмыскерлеріне ең төменгі шекті еңбек жалақысын белгілеу кезінде);

4.1.13. Мердігердің Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетуге арналған еңбек жалақысы мен шығындарын ұлғайтуды қамтамасыз етуге және осы міндеттеуді орындауды растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлері аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай зейнетақы қорынан үзінді көшірмені _____ мерзімнен кешіктірмей тоқсан сайынғы негізде ұсынуға (Тәртіпке сәйкес қолданылады);

4.1.14. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) бойынша оқытудан өткен мамандарды Жұмыстарды орындауға жіберуге;

4.1.15. Мердігер және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан асқан кезде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өзінің қызметінің және (немесе) мамандарының болуына (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді);

4.1.16. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өз қызметкерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық куәландыруды (мұндай талап Жұмыстарға қолданылатын кезде ғана белгіленеді) жүргізуге;

4.1.17. Тапсырыс беруші ұйымдастыратын «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсына оның басшылары мен инженер-техникалық қызметкерлерінің қатысуын қамтамасыз ету;

4.1.18. Өз жұмыскерлерін Жұмыстарды қауіпсіз орындау үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау





құралдарымен (мұндай талап Жұмыстарға қатысты болған кезде ғана белгіленеді) қамтамасыз етуге;

4.1.19. Тәртіпке сәйкес жоба алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамада индустриалды-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету саласында уәкілетті мемлекеттік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің (болған кезде) деректер базасына енгізілген құрылыс материалдарын, бұйымдарды және конструкцияларды көрсетуге міндеттенеді.

4.1.20. Жұмыстарды сатып алу жөніндегі (оның ішінде ұзақ мерзімді) шарттың орындалуын қамтамасыз ету Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне берілуге тиіс.

4.1.21. Жұмыстарды техникалық ерекшелікке (Шартқа № 2 қосымша), жұмыс жүргізу кестесіне (Шартқа № 4 қосымша) (бар болса), сондай-ақ шартты орындау процесінде екі тарап қол қоятын өзге де құжаттарға (дайындық жұмыстарының кестесі, жұмыстарды орындаудың желілік кестесі)сәйкес орындау бұл ретте «АлЭС» АҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ ӨНІМ БЕРУШІГЕ ЖҰМЫСТАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРЫ (Шартқа № 5 қосымша) және "АлЭС" АҚ құпия ақпаратын жарияламау туралы міндеттеме (Шартқа № 6 қосымша), № 9 қосымша («АлЭС» АҚ-НЫҢ ЖЕТКІЗУШІГЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ҚОЯТЫН ТАЛАПТАРЫ)

4.1.22. Осы Шарт жасалған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде не Тапсырыс берушінің жазбаша сұрау салуы бойынша, бірақ жұмыстарды орындауды бастаған күннен кешіктірмей, Тапсырыс берушіге «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған Қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы шартының (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) электрондық (электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылған) не нотариат куәландырған көшірмесі берілуі тиіс. Жұмысты орындау (қызмет көрсету) уақытында сақтандыру шартының мерзімі өткен жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге жаңа Сақтандыру шартын жасасқан кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде оның электрондық көшірмесін (электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылған) немесе нотариат куәландырған көшірмесін беруге міндетті.

4.1.23. Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының барлық талаптарын атмосфералық ауаға шығарындылар, су объектілеріне төгінділер эмиссияларының нормативтерін сақтау бөлігінде де, сондай-ақ оның қызметі процесінде пайда болатын өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу және орналастыру бөлігінде де орындау. Мердігер қалдықтарға меншік құқығын қалдықтарды автокөлікке тиеген кезден бастап қабылдайды.

4.1.24. Мердігер атмосфералық ауаға шығарындылар мен су объектілеріне төгінділер эмиссияларының нормативтерін асыра пайдалану, мердігер қызметі процесінде түзілетін өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау және кәдеге жарату қағидаларын бұзу, қойылатын айыппұлдар, залалдар мен наразылықтар сомасын асыра пайдалану, мердігер талап қойылғаннан кейін 5 күн ішінде Тапсырыс берушіге төлеуге міндеттенеді не Тапсырыс беруші Мердігерге тиесілі шығын сомасын Бұл туралы мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жіберілетін болады. Сондай-ақ, ҚР экологиялық заңнамасы бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші анықталған ескертулер жойылғанға дейін жұмыстарды тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.

4.1.25. Мердігер Объектідегі жұмыс кезіндегі қауіпсіздік шараларына, сондай-ақ Қоғамның қоршаған ортаны қорғау, «АлЭС» АҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ ӨНІМ БЕРУШІГЕ ЖҰМЫСТАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРЫ (Қосымша № 5 Келісімге). Орындаушы Тапсырыс берушінің аумағында рұқсат бойынша жұмыстарды орындаған кезде Мердігер тиісті білікті маманның бақылауын қамтамасыз ету арқылы Орындаушы қызметкерлерінің қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін сақтауын қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер сонымен қатар Тапсырыс берушінің ішкі ережелерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.


4.1.26. Мердігер Шарт бойынша жұмыстарды орындау процесінде "АлЭС"АҚ мынадай ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындауға міндеттенеді: Аумағында жұмыстар орындалатын "АлЭС" АҚ департаментінің "өткізу және объектішілік режимі" ережесі; "АлЭС "АҚ өндірістік департаменттерінің аумағында мердігерлік ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру туралы"ереже; "Самұрық-Энерго"АҚ-да алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты. Мердігер осы шартқа қол қоя отырып, көрсетілген құжаттармен танысқанын растайды. Жоғарыда көрсетілген талаптарды орындау үшін мердігер олардың көшірмелерін не "АлЭС" АҚ Корпоративтік даму және тәуекелдер басқармасынан электрондық нұсқаны сұратуға не "АлЭС" АҚ ресми сайтында танысуға құқылы (ales.kz).

4.1.27. Мердігер учаске аумағын таза ұстайды. Мердігер учаскеден барлық қоқысты шығаруға және учаскені жедел ретке келтіруге міндетті.

4.1.28. Мердігер білім мен барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жұмысты бақылауға және бағыттауға міндетті.

4.1.29. Мердігер жұмысты жеке орындайды. Мердігер қосалқы мердігерлермен тек тендерлік өтінімде мәлімделгендермен және тек қана тендерлік өтінімде мәлімделген көлемдер мен түрлер бойынша, бірақ кез келген жағдайда қосалқы мердігерлерге беруге болатын жұмыстардың максималды көлемі бойынша Шарт жасай алады (бірлесіп орындаушылар) жалпы алғанда жұмыс көлемінің төрттен бірінен аспауы керек. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Шарттың талаптарын өзгертпейді. Егер қосалқы мердігерлер болса, Мердігер олармен жұмысын үйлестіруі керек.

4.1.30. Мердігер «АлЭС» АҚ-ның құпия ақпаратын жарияламауға толық жауап береді (Шарттың № 6 қосымшасы).





4.1.31. Мердігердің және қосалқы мердігердің (бар болса) қызметкерлері еңбек және өндірістік тәртіптің барлық талаптарын орындауға, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын сақтауға міндетті.

4.1.32. Мердігер мен қосалқы мердігер (болған жағдайда) Тапсырыс берушіні, шарт бойынша жұмыстарды орындау процесі «АлЭС» АҚ қызметкерлері үшін қауіппен ұштасқан жағдайда, жұмыстарды орындау аймағына жақын жерде туындайтын өз өндірісінің қауіпті факторларымен таныстыруға міндетті.

4.1.33. Тапсырыс берушіден ақаулар туралы хабарлама алғаннан кейін Мердігер Тапсырыс беруші көрсеткен уақыт кезеңі ішінде ақауды өз есебінен жоюға міндетті.

4.1.34. Әр алаңда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар жүйесінің сақталуына жауап беретін және келісім-шарт және кепілдік міндеттемелердің қолданылу кезеңінде актілер мен хаттамаларға қол қою құқығымен экологиялық тексерулерге қатысуға сенімхат берілетін, жұмыс жүргізу кезеңінде алаңда болуы тиіс Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі менеджердің бұйрығымен тағайындалуы тиіс. Атмосфералық ауа, жер қойнауы, топырақ пен су май немесе басқа да экологиялық қауіпті заттар ағып кеткен кезде ластанған жағдайда, Мердігер (қосалқы мердігер) немесе Мердігер (қосалқы мердігер) жалдаған персонал зақымдаған атмосфералық ауаны, жер қойнауын, топырақты залалсыздандыруға байланысты барлық шығыстарды көтереді.

4.1.35. Мердігер/қосалқы мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының Еңбек және экологиялық кодекстерінің талаптарын орындауға міндеттенеді.

4.1.36. Тапсырыс берушінің аумағында Мердігердің қызметкері еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде басынан өткен жазатайым оқиға басталған кезде, Мердігер Тапсырыс берушіге болған жазатайым оқиға туралы хабарлауға және жазатайым оқиғаны тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін енгізуге міндеттенеді.

4.1.37. Егер Шартта жұмыстарды орындау үшін мердігердің тауарларды/материалдарды/жабдықтарды жеткізуі көзделсе, мердігер отандық тауарларды/материалдарды/жабдықтарды сатып алуды жүргізуге міндеттенеді.

4.1.38. Егер Мердігер жұмыстарды орындау барысында отандық тауарларды/материалдарды/жабдықтарды сатып алса, онда Мердігер жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін, Орындалған жұмыстардың соңғы актісімен бірге Тапсырыс берушіге отандық тауарларды/материалдарды/жабдықтарды сатып алуды растайтын құжаттарды (шарттар, шот-фактуралар т.б. ұсынады, «СТ-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы Сертификат немесе «Атамекен» ҚР ҰКП беретін Индустриялық сертификат, сондай-ақ Шарттың № 7 қосымшасына сәйкес Қазақстанда өндірілген нақты сатып алынған тауарлар/материалдар/жабдықтар туралы ақпарат.

4.1.39. Шарттың № 7 қосымшасына сәйкес жұмыстарды орындау кезінде болжамды/нақты сатып алынған тауарлар/материалдар/жабдықтар туралы ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру. Жалған ақпарат берген жағдайда, Мердігер Шарт талаптарына сәйкес жауапты болады.

4.1.40. Осы Шарт жасалған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге контрагенттің толтырылған, қол қойылған және мөрмен бекітілген сауалнамасының (Шартқа №8 қосымша) сканерленген көшірмесін ұсыну қажет. Егер Мердігер Тапсырыс берушіге осы шарт жасалғанға дейін бір ай ішінде Тапсырыс берушімен жасалған басқа шарттар бойынша контрагенттің сауалнамасын берген болса, онда оларды қайта ұсыну талап етілмейді. Мердігер контрагенттің сауалнамасында көрсетілген ақпараттың толық және дұрыс болып табылатынына кепілдік береді.

4.1.41. Асып эмиссиялардың нормативтерін атмосфералық ауаға шығарындыларының және төгінділерінің су объектілеріне қағидасын бұзу, сақтау және кәдеге жарату өндіріс және тұтыну қалдықтарын қызметі барысында түзілетін, Мердігердің сомасын қойылатын айыппұлдар, нұқсанның және наразылық, Мердігер төлеуге міндеттенеді және Тапсырыс берушіге кейін 5 күн ішінде шағым-талап беру не Тапсырыс беруші соманы ұстап қалуға құқылы залалдарды тиесілі Мердігерге Шарт бойынша ақы төлеу, ол туралы Мердігерге жіберілген тиісті жазбаша хабарлама. Сондай-ақ, бұзған жағдайда ҚР Экологиялық Заңнамасы, Тапсырыс беруші өз құқығына қалдырады тоқтата тұру дейін анықталған ескертулерді жою.

4.1.42. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының және осы Шарт талаптарының орындалуын бақылау Орындаушының еңбекті қорғау жөніндегі маманына жүктеледі, оның штат бірлігі Орындаушының штат кестесінде көзделуге тиіс.


4.1.43. Мердігердің еңбекті қорғау жөніндегі маманы күн сайын Тапсырыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау құрылымдық бөлімшесіне Мердігердің барлық бұзушылықтары туралы есеп береді.

4.2. Мердігердің:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (дерді) талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған жұмыстардың актісіне (леріне) қол қояды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;





4.2.4. Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең дәрежелі маманмен ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында $\frac{1}{4}$ -ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

4.2.7. Жұмыстар басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.2.8. Аванстық төлемді (алдын ала төлемді) төлеу туралы шарт болған жағдайда, Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.9. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.10. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Мердігерге Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуге;

4.3.6. Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ол енгізген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді.

4.3.7. Осы Шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) күн ішінде Мердігерге ТЭН әзірлеу үшін қажетті құжаттарды беруге.

4.3.8. Уақтылы, Мердігер ұсынған кезде, келісілген күннен бастап түпкілікті қабылданған болып саналатын негізгі жобалық шешімдер туралы жазбаша келісім жүргізуге.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Мердігерден ұсынылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.



4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға.

4.4.4. Мердігердің қызметіне кез келген уақытта араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Мердігерден есептелген айыппұлдардың сомасы ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талабын орындамаған жағдайда өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Тапсырыс берушінің Мердігердің елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.





4.4.7. Егер Мердігер жұмыстарды орындауды бастауға не кезеңдердің бірінің жұмыстарын орындауды бастауға Шарттың № 1, № 2, № 4 қосымшаларында көрсетілген мерзімде кіріспесе, егер осы мерзімнің өтуі Мердігердің кінәсінен туындаса, 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

4.4.8. Шарт талаптарында көзделген сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемін біржақты тәртіппен азайтуға.

4.4.9. Тапсырыс берушінің мердігерден айыппұл санкцияларын төлеуді ұстап қалуға құқығы бар, бірақ Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамалық актілерді, мердігер қызметкерлері тарапынан өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі қағидалардың, нормалардың, стандарттар мен нұсқаулықтардың талаптарын бұзғаны үшін жасалған шарт сомасының 10% - нан аспайды.

5. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жұмыстардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Орындалған Жұмыстарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстарды қарап шығу жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Орындалған Жұмыстардың сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілімен анықталмаған кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Мердігерге Жұмыстарды орындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде ұсынады. Егер Мердігер 5 (бес) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Мердігер мойындаған болып саналады және Мердігер өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 15 (он бес) жұмыс күндері ішінде хабарлама алған сәттен бастап Жұмыстың сапасыз бөлігін түзетуге және/немесе Жұмыстың сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші он жұмыс күні ішінде Мердігерге Жұмыстардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жұмысты қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлем жүргізіледі.

5.5. Егер жұмыстардағы ақауларды жою бойынша іркіліс Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Мердігер Жұмыстарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес Жұмыстардың сапасына кепілдік береді. Мердігер осы Шарт бойынша орындалатын Жұмыстар Тапсырыс берушінің Жұмысты қалыпты пайдалануы кезінде конструкция, материал немесе жұмысқа байланысты ақаулар болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Мердігер орындалған Жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Жұмыстардағы ақаулар анықталса немесе олар Шарт талаптарына сәйкес келмесе, Мердігер Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап жұмыс күні ішінде 20 (жиырма) ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді. Жұмыстардағы жойылған ақауларға кепілдік мерзімі осы ақаулар жойылған сәттен басталады. Жұмыстардағы ақауларды жою жөніндегі барлық шығындарды Мердігер көтереді.

6.4. Егер Жұмыстардағы ақауларды жою бойынша кідіріс Мердігердің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.


7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Мердігердің жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Бірыңғай әдістемеді белгіленген нысан бойынша Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

7.2.2. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алуға;





7.2.3. Мердігер Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін негізсіз өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақытында орындалмаған Жұмыстардың құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының . 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;

7.2.4. Мердігер Жұмыстар бойынша ескертулерді жою Шартпен келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Жұмыстар бойынша дер кезінде жойылмаған кемшіліктердің құнынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шартты жалпы сомасының . 10%-нан артық болмайтын өсімпұл төлеуге;

7.2.5. Осы Шартты орындау үшін тартылған жұмыскерлерге еңбек жалақысын белгілеу бойынша Міндеттемелер шартының талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда Мердігер орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Мердігермен төленуі немесе Тапсырыс берушімен шегеріліп қалуы тиіс Шарттың жалпы құнынан кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті өзіне алуға;

7.2.6. Шартты орындау үшін тартылған Мердігердің жұмыскерлерінің еңбек жалақысын және әлеуметтік қолдау көрсету шығындарын ұлғайту бойынша Міндеттемелер шартының талаптарына сәйкес орындамаған жағдайда Мердігер орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Мердігермен төленуі немесе Тапсырыс берушімен шегеріліп қалуы тиіс Шарттың жалпы құнынан кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілікті өзіне алуға;

7.2.7. Мердігердің кінәсінен №1, 2, 4 қосымшаларға сәйкес жұмыстың, оның бір кезеңінің уақтылы басталмағаны үшін, Тапсырыс беруші Мердігерден осы Шартқа №1, 2, 4 қосымшаларда көзделген тиісті жұмыс түрлерінің жалпы сомасының 5%-ына Шарт бойынша Мердігерге тиесілі сомадан ұстап қалу арқылы айыппұл төлеуді талап етуге құқылы, бұл туралы Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жіберіледі.

7.2.8. Мердігер Шарттың қолданылу мерзімінің соңына дейін өз міндеттемелерінен бас тартқан не оларды орындамаған жағдайда, Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайларды есептегенде, Тапсырыс беруші Мердігерден Шарттың жалпы сомасының 15% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Мердігер Шарттың қолданылу мерзімінің соңына дейін өз міндеттемелерінің бір бөлігінен бас тартқан не оны орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігердің Шарттың орындалмаған сомасының 15% мөлшерінде айыппұл төлеуін талап етуге құқылы.

7.2.9. Жұмысты орындау үшін сапасыз материал жеткізгені себепті, Тапсырыс беруші Мердігерден шарт сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.10. Мердігер Тапсырыс берушінің шығындарымен не мүлкіне залал келтірумен және өз жұмыскерлерінің меншігіне не денсаулығына залал келтірумен, қаза табуымен байланысты барлық тәуекел үшін жауапты болады. Сондай-ақ Мердігер, Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар мен үшінші тұлғалар тарапынан осы Шарттың орындалу барысында және оның соңынан шағым айтылатын болса, Тапсырыс берушіге тиген залал үшін жауапты болады және шағым түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оны төлеуге міндеттенеді не Тапсырыс беруші Шарт бойынша Мердігерге тиесілі төлемнен туындаған залал сомасын ұстап қалуға құқылы, бұл туралы Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жіберіледі.

7.2.11. Мердігер, «АлЭС» АҚ-ның құпия ақпаратты жарияламау туралы міндеттемесін орындамағаны үшін, Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы құнының 1% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Айыппұл, есептеу туралы шағым түскен сәттен бастап, 15 (он бес) күн ішінде төленеді.

7.2.12. Мердігер, Мердігермен жасалған Шарт негізінде, Шарт аясында жұмысты орындайтын өз қызметкерлерінің әрекеттері мен қателіктері үшін Тапсырыс берушінің алдында жауапты.


7.2.13. Мердігер құрал, әдіс, техника, жұмыстың орындалу реттілігі мен сапасы, сондай-ақ Шарт бойынша барлық жұмыстың үйлестірілуі үшін толық жауап береді және бақылауды жүзеге асырады.

7.2.14. Мердігердің, күнтізбелік алпыс күннен астам уақыт бойы уақтылы қызмет көрсетпей, өз міндеттемелерін тиісінше орындамауы себепті Шарт бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерден Шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.2.15. Мердігер Жұмысты өзі орындайды. Мердігер тек тендерлік өтінімде мәлімделген қосалқы мердігер ұйымдармен және тек тендерлік өтінімде мәлімделген көлемде және түрлер бойынша ғана Шарт жасаса алады, бірақ кез келген жағдайда қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстың шекті көлемі жиынтығында жұмыс көлемінің төрттен бір бөлігінен аспауы тиіс. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Шарт талаптарын өзгертпейді. Қосалқы мердігерлер болған жағдайда, Мердігер өз жұмысын олармен өзі үйлестіруі тиіс.

7.2.16. Мердігер "АлЭС" АҚ-ның құпия ақпаратын жарияламауға толық жауап береді (Шартқа № 6 қосымша).

7.2.17. Мердігер жұмысты не бір жұмыс кезеңінің орындау мерзімін 30 күнтізбелік күннен артық кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге қатысты Шарттың жалпы сомасының 10%-ы мөлшеріндегі айыппұлды белгілей отырып және орындалмаған міндеттемелер көлемінің күшін жоя отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл ретте Мердігерге 7.2.1 тармақтың талаптары қолданылмайды.





7.2.18. мердігер "АлЭС" АҚ-ның Денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы жұмыс берушіге қойылатын талаптарын орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге шарттың жалпы құнынан 1% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Айыппұл төлеу есептеу туралы шағымды алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.

7.2.19. Мердігер "АлЭС" АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды жеткізушіге қойылатын талаптарын орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге шарттың жалпы құнынан 1% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Айыппұл төлеу есептеу туралы шағымды алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.

7.2.20. Мердігер Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді жеткізушіге еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қоғамның талаптарын орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге 10 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті (күні бойынша). төлемнің) әрбір бұзушылық жағдайы үшін. Айыппұлды төлеу тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде не Тапсырыс берушінің Шарт бойынша Орындаушыға тиесілі сомдан шегеру арқылы жүзеге асырылады.

7.2.21. Сақтандыру шартын осы Шартта көзделген мерзімде ұсынбаған не Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша беруден бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге жұмысты бермеуге, сондай-ақ Мердігерден Шарттың жалпы сомасының 5%-ына айыппұл төлеуді талап етуге және Мердігерге Шартты бұзудың болжамды күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын жазбаша хабарлама жолдай отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде, Мердігер Шартты орындауға байланысты оны бұзатын уақытқа дейінгі нақты шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

